

Хаттама № 2

Шымкент қ.

«03-13» шілде 2023 жыл

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» заңгерінің жоспары бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ және мүдделер қақтығысы» деген тақырыпта 2023 жылдың 03 – 13 шілде күндері ШЖҚ «ЖМЖКС» МКК-ы мәжіліс залында жұмыскерлер арасында лекция оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қатысқандар саны 283 адам.

Тақырыбы: **Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ және мүдделер қақтығысы!**

Комплаенс -офицер Азимбаева Г.Е. - 2015 жылдың 18 қарашада Қазақстан Республикасы «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңы қабылданып, осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталғандығын атап көрсетті. Аталған Заңның алдыңғы Заңнан айырмашылығы - мемлекеттік және жеке сектордағы жемқорлықты бағалау үшін алғаш рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау ұғымы енгізілді. Ол мемлекеттік органдармен қатар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары және субъектілеріне де қатысты жүзеге асырылатын болады. Яғни құқық қорғау органдарына тән функцияларды ғана қамтымай, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сақтандыру, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауға негізгі басымдықтар беріліп отыр. Бұл өз кезегінде асқынып кеткен ауру салдарымен күрес емес, керісінше оны алдын алу шараларын іске асыру арқылы қоғамның дертін түбегейлі жоюға өз септігіні тигізеді.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Десеңіз, Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлеу» бөлігінде көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18 қараша 2015 жылы №410-V ҚРЗ-ы қабылданды. ҚР-ы ТМД елдері ішінде ең алғашқы болып, Заң қабылданғаннан бері, осы жылдар ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті -парақорлық. Бірінші кезекте **пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.** Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. ҚР Қылмыстық Кодексіне сай пара алғанда, **пара бергенде қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қатаң түрде жазаланады (366-367 баптар).** Сондықтан Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және әр бір азамат жүргізуі тиіс. Мемлекеттік

органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрестілген.

Мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. «Тура биде-туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік, сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Қаулы етті:

Парақорлықпен бүкіл қоғам болып күресейік, оны ұжым ішінде болдырмауға тырысайық! Тыңдаушылар арасында қойылған сұрауларға жауап берілді.

Комплаенс-офицер



Азимбаева Г.Е.